



«ӘЛЕМДІК ФИЛОСОФИЯНЫҢ ӨЗЕКТІ МӘСЕЛЕЛЕРІ»

**IV Халықаралық ғылыми-теориялық конференция
материалдары**

2023 жылдың 16-17 ақпаны

«АКТУАЛЬНЫЕ ПРОБЛЕМЫ МИРОВОЙ ФИЛОСОФИИ»

**Материалы
IV Международной научно-теоретической
конференции**

16-17 февраля 2023 года

«ACTUAL PROBLEMS OF WORLD PHILOSOPHY»

**Proceeding
of the IV International Scientific-theoretical
Conference**

February 16-17, 2023

Астана/Astana, 2023

МИНИСТЕРСТВО НАУКИ И ВЫСШЕГО ОБРАЗОВАНИЯ РЕСПУБЛИКИ КАЗАХСТАН
ЕВРАЗИЙСКИЙ НАЦИОНАЛЬНЫЙ УНИВЕРСИТЕТ ИМЕНИ Л.Н. ГУМИЛЕВА
ИНСТИТУТ ФИЛОСОФИИ, ПОЛИТОЛОГИИ И РЕЛИГИОВЕДЕНИЯ КН МНВО РК

«АКТУАЛЬНЫЕ ПРОБЛЕМЫ МИРОВОЙ ФИЛОСОФИИ»

Материалы IV Международной научно-теоретической конференции

16-17 февраля 2023 года

Астана, 2023

УДК 1/14
ББК 87.0
А 52

Редакционный совет:

Е.Б. Сыдыков, Б.Ж. Сомжүрек, К.А. Медеуова, К.С. Ермагамбетова,
А.Ч. Рамазанова, Д.Т. Толгамбаева

A52

Актуальные проблемы мировой философии: Мат-лы IV Международной научно-теоретической конференции (16-17 февраля 2023 г., Астана, Казахстан). – Астана: изд-во ЕНУ им. Л.Н. Гумилева, 2023. – 437 с.

ISBN 978-601-337-860-2

В сборнике представлены материалы IV Международной научно-теоретической конференции «Актуальные проблемы мировой философии», посвященной 90-летию академика НАН РК ЖАбайхана Мубараковича Абдильдина, лауреата Государственной премии КзССР в области науки и техники, Межгосударственной премии «Звезда Содружества», Президентской премии мира и духовного согласия, Российской премии «Древо жизни», лауреата первой премии имени Ч.Ч. Валиханова, кавалера ордена «Барыс» II степени и кавалера ордена «Барыс» III степени.

В рамках конференции работали секции «Философия и современность», «Этика и моральная ответственность в современном мире» и «Казахская философия в контексте современных реалий: проблемы и перспективы».

Адресовано всем интересующимся актуальными проблемами современной философии и творчеством академика НАН РК Жабайхана Мубараковича Абдильдина.

Публикуемые материалы представлены в авторской редакции.

УДК 1/14
ББК 87.0

ISBN 978-601-337-860-2

© ЕНУ им. Л.Н. Гумилева, 2023

6. Лосев А.Ф. Эстетика Возрождения. – М.: Мысль, 1978. С. 214.
7. Рассел Б. История западной философии / Б. Рассел. – Ростов-н/Д: Феникс, 1998. – С. 328-329.
8. Abai.kz Ақпараттық порталы. – [Электронный ресурс]. – Режим доступа: <https://abai.kz/post/6296>
9. Ясперс К. Смысл и назначение истории/К.Ясперс. – М.:Республика, 1994. – 446 с.

ҒТЗМР 02.15.31

Жахина Толкын Сериковна

*гуманитарлық ғылымдарының магистрі, PhD докторант
Л.Н. Гумилев атындағы Еуразия ұлттық университеті,
Астана, Қазақстан
tolkyn.90@mail.ru*

ИНТУИЦИЯ ҰҒЫМЫНЫҢ ҚАЛЫПТАСУЫ МЕН ДАМУЫ **FORMATION AND DEVELOPMENT OF THE CONCEPT OF INTUITION**

***Abstract.** The article is devoted to an actual historical and philosophical problem – the analysis of philosophical concepts of the concept of intuition. One of the main problems of epistemology is connected with the definition of the mechanisms of human creative activity. In this regard, the main goal is to determine the role of intuition.*

The role of intuition in scientific cognition has not yet been sufficiently studied. The interdisciplinary nature indicates the relevance of the topic.

Philosophical concepts have been studied, starting with the teachings of Plato and Aristotle, which created the prerequisites for the formation of the concept of intellectual intuition. As well as the concepts of R. Descartes, B. Spinoza, I. Kant, who contributed to the formation of the concept of intuition in modern times.

In the XIX century A. Schopenhauer and A. Bergson interpreted intuition from the standpoint of irrationalism.

In the XX century, the concept of intuition was widely studied, in connection with this, the interpretation of intuition by representatives of analytical philosophy (B. Russell, the Vienna Circle, M. Bunge, N. Chomsky).

In analytical philosophy, intuition is perceived as a conviction in philosophical argumentation, and most of the evidence is based on intuitive belief. N.Chomsky paid special attention to intuition when studying the structure of language. M. Bunge developed a classification of intuition.

Since thought experiments in modern science are characterized by an intuitive method, experimental philosophy largely studies the concept and mechanisms of intuition.

Key Words: *intuition, knowledge, intuitive thinking, intellectual intuition, intuitionism.*

Кіріспе. Философия тарихында интуиция әрқашан күрделі әрі құпияға толы мәселе болып табылды. Танымның негізгі формасы болып табылатын ойлау процесінің интуитивті табиғаты бар екені анық және оны ешкім жоққа шығара алмайды. Интуицияны ойлау процесінің бөлігі ретінде адамның тұтас ойлауының даму деңгейлерінің сатысы ретінде қарастыруға болады.

Философияда интуицияны әртүрлі түсінген, кейбір жағдайда оны белгілі бір рационалдылыққа дейінгі қабілет (сезімдік интуиция) ретінде түсінсе, басқалары үшін рационалдылықтан асатын дарын (таза интуиция, мән интуициясы, мистикалық интуиция), тағы да ақыл-ойдың бір түрі (интеллектуалды интуиция) болып табылған.

Философтар мен ғалымдар жоғарыда аталған интуицияның түрлеріне сене алады, интуитивизмнен басқасына. Философтар үшін интуиция сезімнен де, парасаттан да

ерекшеленетін адам ақыл-ойының қабілеті, бұл – танымның кенеттен, толық дәл түсіну тәсілі [1, 5-7 бб.].

Философиялық ілімдердің тарихына жүгінетін болсақ, интуицияға анықтама берумен және оның белгілерін сипаттаумен философиялық ойдың пайда болуынан бастап айналысып келеді. Интуиция ұғымы әртүрлі мазмұнды қамтыды. Көбінесе, интуиция тікелей интеллектуалды білімнің немесе ойлаудың бір түрі ретінде түсінілді (интеллектуалды интуиция).

Талқылау. Интеллектуалды интуиция ұғымының қалыптасуына үлес қосқан рационалистер Платон, Аристотель және Р.Декарт. Олар интуицияның осы түрін ғана мойындап, оның ақиқат білім беретініне сеніп, интуитивті және логикалық ойлауды бір-біріне қарсы қоймаған. Сонымен бірге, ақылдың шеңберіндегі интуицияны білімнің ең жоғарғы түрі ретінде қарастырды.

Антикалық философтар интуиция арқылы заттардың нақты мәнін тікелей түсінген. Платон «идеяларды», яғни сезімдік әлемдегі заттардың түпбейнесін пайымдау – ақыл-ойды ұзақ уақыт дайындауды көздейтін, бірақ кенеттен түсінік ретінде пайда болатын тікелей білімнің түрі, деп тұжырымдаған.

Бұл тұжырымдаманы Платонның еске түсіру теориясы «мимнезис» арқылы анықтауға болады. Оған сәйкес адамның туғаннан бастап білімі бар, және жаңа білім деп аталатын дүниенің барлығы іс жүзінде бұрын белгілі болғанды еске түсіру болып табылады. Ол адам жанының мәңгілік өмір сүруімен байланысты, жан бұрын кездестірген білімдерін жинақтайды, содан кейін қажет болған жағдайда оларды еске түсіреді: «...егер жан өлмейтін болса, жиі туылып, бәрін осында, Аид патшалығында көрген болса, онда оның білмейтіні жоқ, сондықтан адамгершілік туралы да білсе, онда таңқаларлық ештеңе жоқ, ол бұрын білгенін еске түсіре алады» [2].

Платонның «білім – ол еске түсіру» тұжырымдамасы «Менон» диалогында жақсы көрсетілген. Онда Сократ бұрын геометрияны оқымаған құл балаға квадратты екі есе көбейту таспырмасын, шебер қойылған сұрақтар арқылы оны дұрыс шешуге жетелейді. Бұдан шығатын түйін, адам санасында білмейтін сұрақтарға жауап табылады. Ол білімдер өзінді таныған сайын, ілгері дамиды. Сонымен бірге, Платон жоғарыда айтылған диалогта адам жаңа білімдерді түс көру ретінде де еске алатынын айтып кеткен.

Антикалық философ Аристотель өзінің «Органон» атты маңызды еңбегінде екі орталық ережені белгілейді. Бірінші фундаменталдылық тезисінде, сипаттайтын әдістен тәуелсіз болатын білімнің барлық саласының түбегейлі және абсолютті бастамасы болатын білім туралы мазмұндалады. Екінші тезисте қателеспеу туралы шынайы дәлелдерге негізделген, және ешқандай күмән туындатпайтын ғылыми атауға жақын болатын білім туралы пайымдалады.

Аристотель бойынша сезімдік қабылдаудан жалпыға ортақ білімді тудыратын, біздің эмпирикалық жалпылауымыз – яғни индукция әдісі сенімді білім бере алмайды. Екінші қателеспеу тезисіне сәйкес ол ғылыми емес. Сондықтан интуиция ғалым пайымдауының алғышарттарын түсінудің жалғыз жолы болып табылады. Аристотель сезімдік тәжірибе мен дедукция құндылығын мойындайтындықтан, интуиция танымның автономды тәсілі мен шындықтың жоғарғы көзі, бұдан шығатын қорытынды интуиция ғылымның бастамасы [1, 7-9 бб.]. Дегенмен, Аристотельдің таным теориясында интуиция екінші орынға ие, ол дедукция мен сезімдік тәжірибеге үлкен мән берген, жалпы материалистік ілімде сезімдік пайымдаудың маңыздылығы аса зор.

Ортағасырлық батысеуропалық философияда А.Аврелий мен Ф.Аквинскийдің жазбаларында интуиция Құдайдың таза иррационалды тану тәсілі ретінде түсінілді. Мұндай қабілет тек таңдаулы адамдарға ғана тән болады [3].

Интуиция мәселесі антикалық философиядан бастап пікірталастар тудырса да, іргелі дамымады. Тек Жаңа заман дәуірінде ғылымның қарқынды дамуына байланысты интуиция мәселесі одан әрі толық зерттеле бастады. Ол кезде арифметика, геометрия, алгебра даму шыңына жетеді: Г.Галилей және И.Кеплер аспан механикасының, Р.Бойль атомдық ілімінің,

И.Ньютон механиканың, П.Ферма, Б.Кавальери және Б.Паскаль дифференциалдық және интегралдық есептеулердің негізін қалады.

XVII ғасырда математика мен жаратылыстану ғылымдарының қарқынды дамуы мынадай эпистемологиялық мәселелердің кешенін ұсынды: жеке фактілерден ғылымның жалпы және қажетті ережелеріне өту қажеттілігі, жаратылыстану және математика деректерінің нақтылығы, математикалық ұғымдар мен аксиомалардың табиғаты т.б. Осыған орай, таным теориясында ғылым заңдылықтарының қажеттілігі мен әмбебаптығын анықтауға мүмкіндік беретін жаңа әдістер қажет болды.

Таным теориясының дамуы үшін тікелей және жанама білім арасындағы айырмашылықты анықтау маңызды болды. Бұл айырмашылық алғаш рет математикада айқындалды. Өйткені математикалық білім – бұл ақиқаттардың жай ғана қосындысы ғана емес, ал ақиқаттар арасындағы белгілі бір логикалық байланыс [4, 3-5 бб.].

Жаңа заман философы, ғалым, математик Р.Декарт, интуицияның философиялық мәселесін алғаш көтерген. Ол үшін интуиция «түсінікті және мұқият ақыл ұғымы, соншалықты қарапайым және айқын, біздің ойлайтынымызға ешқандай күмән тудырмайды, немесе ақыл-ойдан табиғи пайда болған, өзінің қарапайымдылығының арқасында дедукциядан да күмәнсіз болатын таза ақылдың айқын ұғымы». Интуитивті білім өзін-өзі айқындайтын, анық болып табылады. Интуиция – адамның ақыл-ойының туа біткен қабілеті [5].

Р.Декарт бойынша дәлелдеудің дедукциялық формасы аксиомаларда жатыр, ал аксиомаларға ешқандай айғақсыз, таза интуиция арқылы жетуге болады деп санады. Оның ойынша, интуиция дедукциялық тәсілмен біріккенде толық айқындықтың жалпыға бірдей өлшемі болып табылады [6].

Р.Декарт схоластикалық және аристотельдік идеяларды қатты сынға алып, интуицияны анық және зейінді ақыл ұғымы ретінде анықтап аралық дәлелдемелерсіз ақыл-ойдың ақиқатты тікелей көру қабілетімен байланыстырды. Интуитивті және дискурсивті ойлауды бір-біріне қарсы қоймады, өйткені біреуі екіншісін қажеттіктен тудырады. Сонымен, картезияндық интуиция таза рационалды операция болып табылады.

Жаңа заман философиялық ойының тағы бір танымал өкілі голландиялық философ Б.Спиноза – интуиция адамның қабылдау еркіндігі арқылы қалыптасқан рационалды қабілеттердің жоғары көрінісі деп санаған.

Декартпен салыстырғанда, Спиноза танымдық іс-әрекеттің бірнеше деңгейлерін ажыратқан. Оның интуиция туралы ілімін толық түсіну үшін таным тектері немесе деңгейлері туралы тұжырымдамасымен танысу керек: 1) қиял мен пікір, эмпирикалық таным, яғни сезімдік қабылдау мен бейнелерге байланысты; 2) рационалды таным; 3) интуитивті таным.

Үшінші түрі «білімнің бұл түрі Құдайдың (табиғаттың) кез-келген атрибуттарының формальды мәні туралы адекватты идеядан заттардың мәні туралы адекватты білімге әкеледі». Жанның ең жоғары қасиеті – бұл үшінші таным түріндегі заттарды білу. Спиноза бойынша интуиция дегеніміз ой қорытынды жасаудың ең жылдам түрі, оған логикалық-математикалық сипатқа ие мысалдар дәлел [1, 13-14 бб.].

Б.Спиноза тыным теориясында интуиция елеулі орын алды және оны танымның «үшінші тегі», айшықты әрі маңызды, заттардың мәнін тап басатын таным деп санады.

Интуиция мәселесін зерттеуге И.Кант үлкен үлес қосты. Кенигсберг философы сезімдік интуиция мүмкіндігін қабылдай отырып, интеллектуалды интуицияны мүлдем жоққа шығарды: «заттарды категориялар арқылы дискурсивті емес, интуитивті түрде, яғни сезімдік танымсыз білу мүмкін емес, оны елестете де алмаймыз. Осылайша, біздің ақыл-ойымыз теріс кеңеюге ие болады, яғни заттарды құбылыс ретінде емес өзіндік зат ретінде қабылдап, сезімдермен шектелмейді, керісінше сезімдерді шектейді. Бірақ сонымен бірге ол өз-өзін шектеп, категориялар арқылы тани алмайтынын мойындайды...» [7].

И.Кант интуицияны тар мағынада – сезімдік пайымдау ретінде түсінді, ол ой оны жаңа заман эмпириктерімен жақындастырады. Кант бойынша, таным процесінде интуиция,

жалпы сезіну қабілеті ретінде, сезімдік априорлық формаларымен, өзіндік заттар туралы тікелей ойлауды жүзеге асыру үшін қажетті шарттармен тығыз байланысты.

Канттың философиясында интуиция – ақиқатқа жету құралы емес, барлық мүмкін білімді тексеру тәсілі болып табылады [4, 54 б.]. Осылайша, Кант өзінің таным теориясында интуицияны жоққа шығармайды, ол таным процесінде рефлексия әрекетін толықтыратынын айтады.

Канттың интеллектуалды интуиция мүмкіндігін жоққа шығаруы әлемдік ойдың кейінгі дамуына айтарлықтай әсер етті. Алдымен бұл И.Фихте мен Й.Шеллингтің (олар интеллектуалды интуиция «*intellectuelle Anschauung*» терминінін қолданады) еңбектерінде көрініс тауып, кейін неміс романтизм өкілдеріне әсер етті [4, 66-76 бб.]. Олардың пайымдауынша, Егер, Кант бойынша ақиқатты тікелей түсіну мүмкін болмаса, онда әлемді танудың басқа иррационалды тәсілі болуы керек. Осы идеяның негізінде көптеген классикалық емес философиялық жүйелердің гносеологиясында негізгі принципі ретінде иррационалды интуиция туралы ілім дами бастады.

Неміс философы, иррационалист А.Шопенгауэрдің философиялық жүйесінің негізі «ерікті» интуиция арқылы тануға болатынын айтқан. Шопенгауэрдің пікірінше, «интуиция – бұл барлық даналықтың, данышпандықтың және сайып келгенде шындықтың негізінде жатыр, ол адам үшін мүмкін болатын ләззат, ол бүкіл әлемді қамтиды, барлық заттардың мәні болып табылады [8].

Француз философы, эволюция және интуитивизм қағидасын жасаған иррационалист А.Бергсон интуиция мәселесені аса мән беріп, оны әлем мен уақыттың тұтастығын түсіну тәсілі ретінде қарастырды. Оның философиясының негізгі ұғымы «өмір». Өмірдің мәніне интуицияның көмегімен жетеді. Бергсонның ілімінде, интуиция «өмірлік импульсты» тани алатын таным құралы, оны талдау нәтижесін іштей көре білу, сезіну деп қарастырды.

А.Бергсон өзінің «Шығармашылық эволюциясы» атты еңбегінде интуицияны кез-келген білімнің қайнар көзі ретінде шындықты ең қол жетімді түсіну тәсілі ретінде ұсынады. Ол үшін интуиция дегеніміз – адамның өз ішкі жан дүниесін тануы, ол арқылы тұлға болмыспен үйлесімділігін, біртұтастығын, өзін уақыт ағымында екендігін сезінеді. А.Бергсон интуицияны заңдарға бағынбайтын, ерекше рухани күш болып табылатын шығармашылық процесспен байланыстырды. Өйткені, тек қана адамның шығармашылық қызметі, оны тұлға ретінде анықтайды. Интуиция – бұл инстинкт, ол мінез-құлықты анықтайтын форма ретінде алдын-ала оқытусыз тікелей пайда болады [9].

XX ғасырда аналитикалық философияның өкілдері интуицияны сенім мен нанымның аналогы ретінде түсінді. Б.Рассел «Мистицизм және логика» атты еңбегінде интеллект пен интуицияның қайшылығын иллюзия деп айтып кеткен. Инстинкт, интуиция немесе инсайт – бұл бастапқыда пайда болатын идеялар, кейін олар пайымдау арқылы расталады немесе жоққа шығарылады; дәлелдеу мүмкін болса, ол бастапқыда интуитивті болған басқа идеялармен үйлеседі. Ақыл – бұл шығармашылық емес, алайда үйлесімді, басқарушы күш. Тіпті таза логикалық салада жаңа білімді бірінші инсайт өңдейді [10]. Яғни аргументация процесінде біз өзіміздің пікірімізді, бастапқы идеямызды ақиқат ретінде түсінеміз, кейін оны логикалық тұрғыдан дәлелдейміз. Осылайша, интуиция аргументациядағы дәлел емес, пікір болып табылады.

Вена үйірмесінің ғылыми дүниетанымының антиметафизикалық жобасында интуиция мойындалды, алайда интуитивті танымды рационалды негіздеу үшін сезімдік таным мен ұғымдық ойлау қажет. Вена үйірмесінің өкілдері: «метафизиктер таным көзі ретінде ерекше атап өткен интуиция ғылыми дүниетаныммен жоққа шығарылмайды» деп жазды. Яғни, тәжірибеге негізделген интуицияны қабылдады [11].

Фин философы және математигі Я.Хинтика «*The Emperor's New Intutions*» атты мақаласында интуицияның қайта жаңғырып, философиялық аргументацияда қарқынды пайдалануына себеп болған Н. Хомскийдің лингвистикасы екендігін атап кеткен. Ол тілдің құрылымы туралы ақиқатты ашу үшін интуицияны қолданды. Н.Хосмкий туа біткен

идеяларға, кем дегенде туа біткен эмбебап грамматикаға сенді, мұнда Р.Декарттың пікіріне жүгінгендігі көрінеді [12].

Қазіргі заманғы гносеологияның негізгі мәселелерінің бірі адамның шығармашылық қызметінің табиғаты мен механизмдерін анықтаумен байланысты. Бұл мәселені шешу шығармашылықтың қажет алгоритмдері ретінде логика мен интуицияның арақатынасы ерекшеліктерін айқындауды талап етеді. Бұл тұрғыда аргентикалық философ М.Бунге зияткерлік интуицияға ерекше назар аудара отырып, былай деп жазды: «Ғылымдағы процестер таза логикалық емес. Жалғыз ғана логика ешкімді жаңа идеяларға жетелей алмайды, өйткені бір грамматика ешкімді өлең шығаруға, ал үйлесімділік теориясы симфония құруға шабыт бере алмаған. Логика, грамматика және музыка теориясы формальды қателіктер мен сәйкес ойларды анықтауға мүмкіндік береді, бірақ олар бізге "субстанциялар – бақытты идеялар, жаңа көзқарастарды" бермейді. Ғылымда интуиция арқылы жаңалық ашқан көптеген ғалымдар бар: Архимед, И.Ньютон, Р.Броун, Ф.Кекуле және т.б.» [1, 109 б.].

Қазіргі ғылымда интуицияның әртүрлі классификациялары бар. Ең танымалы М. Бунге ұсынған:

1. Интуиция қабылдау ретінде. Мұнда интуиция белгі немесе затты оның мазмұнымен жылдам сәйкестендірудің талдау қабілеті болып табылады.

2. Интуиция қиял ретінде. Метафораларды ұсыну және қалыптастыру қабілеті. Метафора тиімді эвристикалық құрал болып табылады. Шығармашылық қиял танымның қажетті элементі ретінде әрекет етеді, өйткені логикаға ғана сүйеніп жаңа идеяларды тудыру мүмкін емес.

3. Интуиция ақыл-парасат ретінде. Мұнда интуиция жедел ой қорытындылар түріндегі синтетикалық қабілет. Бұл «аргументтердің ұзын тізбегін» қысқартатын және аралық байланыстарсыз біріктіретін картезиандық интуиция. Бұл интуиция логикалық байланыстың синтетикалық апперцепциясына қол жеткізуге мүмкіндік береді.

4. Интуиция практикалық даналық формасындағы бағалау ретінде. Парасатты пайымдау, алғырлық және терең ой: мәселенің маңыздылығын тез және дұрыс бағалай білу, теорияның ақиқаттылығы, әдістің қолданылуы мен сенімділігі және әрекеттің пайдалылығы. Мұнда интуиция қалыпты ойлау тәсілі ретінде [1].

М. Бунге ұсынған классификация гносеологиялық мәселелерге негізделген: қабылдау, қиял, ақыл-парасат, даналық. Алайда, оның талдауында онтологиялық мазмұн ескерілмегені байқалады.

Қорытынды. Интуиция ұғымының жоғарыда аталған философиялық тұжырымдамаларының сан алуандылығына қарамастан, мәселені зерттеудегі айтарлықтай қиындық ол логикалық талдау жасап, вербалды сипаттау екендігін айта кеткен жөн. Интуицияны жіктеу мәселесі тұтастай алғанда күрделі болып табылады.

Философия тарихында интуиция тікелей интеллектуалды білім мен ойлаудың бір түрі, сезімдік пайымдау түріндегі білім және инстинкт ретінде түсіндірілді. Қазіргі кездегі ғылыми танымда интеллектуалды интуиция шешуші рөл атқарады деген пікір басым. Интеллектуалды интуиция белгілі бір дәрежеде логикамен, себеп - салдарлық байланыстармен үндеседі, кез-келген мәселені ұтымдылық тұрғысынан шешуге мүмкіндік береді.

Сезімдік және интеллектуалды интуицияның басты айырмашылығы – сезімдік интуиция түйсікке, эмоцияларға, есте сақтауға сүйенеді, ал интеллектуалды интуиция логикалық ойлау мен зердеге негізделген. Адамзат өркениетің қай кезеңі болмасын жоғарыда аталған интуицияның екі түрі ғылыми процесте өзекті болған, ол арқылы көптеген жаңалықтар ашылған.

Қазіргі заманғы философиялық зерттеулерде интуиция ғылыми шығармашылық, эксперименталды философия, интуитивизм контекстінде талқылануда.

Әдебиеттер тізімі

1. Бунге М. Интуиция и наука. М.: Прогресс, 1967. – 188 с. – кітап.
2. Диалоги Платона. Менон. <https://classics.nsu.ru/bibliotheca/plato01/menon.htm> (Қолданған күні 27.01.2023). – кітап.
3. Попова С.А. Интуиция в мировой философской и психологической мысли: основные направления изучения, М.: 2005. – 174 с. – п.ғ.к. диссертация
4. Асмус В.Ф. Проблема интуиции в философии и математике: Очерк истории. XVII – начало XX вв. – М.: Мысль, 2011. – 312 с. – кітап.
5. Декарт Р. Правила для руководства ума. – М.: *Соцэкгиз*, 1936. – 88 с. – кітап.
6. Философиялық сөздік. Р.Н. Нұрғалиев, Ғ.Ғ. Ақмамбетов, Ж.М. Әбділдин. – Алматы: Қазақ энциклопедиясы, 1996, 177-178 бб. – сөздік.
7. Кант И. Критика чистого разума. – М.: ЭКСМО, 2006, С. 248-249. – кітап.
8. Шопенгауэр А. Полн. собр. соч. М., 1999. 454 с. – кітап.
9. Реми Хесс. Философияның таңдаулы 25 кітабы / Астана : Ұлттық аударма бюросы, 2018. – 359 б.: портр. – (Рухани жаңғыру) (Жаңа гуманитарлық білім. Қазақ тіліндегі 100 жаңа оқулық). – Пер. изд.: 25 Livres clés de la Philosophie / Remi Hess. Marabout, Allleur (Belgique), 2017. – кітап.
10. Рассел Б. Мистизим и логика. М., 1987, С 45-49. – кітап.
11. Артемьев Т.М. Интуиция и рефлексия в понимании. С.: 2014. С196-220. – ф.ғ.к. диссертация
12. Hintikka Jaakko. The Emperor's New Intutions. <https://www.jstor.org/stable/2564660> (Қолданған күні 27.01.2023) – мақала.

ҒТЗМР 02.31.01

Ибраимов Темурбек Қуанышбай улы

*магистр дәрежесі, фалсафа оқытушысы, Қарақалпақстан медицина институты,
Қарақалпақстан Республикасы Нөкис қаласы
ibraimovtemurbek@gmail.com*

ҚАЗІРГІ ҒЫЛЫМНЫҢ ДАМУЫНДАҒЫ ОККУЛЬТТІК БІЛІМНІҢ МАҢЫЗЫ THE IMPORTANCE OF OCCULT KNOWLEDGE IN THE DEVELOPMENT OF MODERN SCIENCE

Abstract. *Man has always loved, wondered and searched for the truth about mystical phenomena and the supernatural. Even modern science admits that there are phenomena that have no scientific or logical explanation. In occultism, it is believed that mysterious, supernatural forces found in nature and space, in man, can be revealed. Occultism calls for the mastery of these powers and thus the attainment of a perfect life on earth. The sciences in question are not theology or metaphysics, but occultism and the occult sciences. According to most modern scientists, the first form of religion is the worship of nature, namely: animism, totemism, fetishism. The essence of these thoughts was that a person believes in some higher power that controls the universe and all processes and events occurring in nature and social life. Philosophy of science and modern science define occultism as phenomena in social life that exist in theory but lack practical evidence.*

The occult may be very different from what we think and the research of the scientific community. The symbols, deities, sequence of stages, ways of entering the inner infinity, and what should appear as a result of this entry are strikingly inconsistent in different traditions. But the principle of integrity, human dignity and depicted events and processes remain unchanged. This further increases the interest in the occult, and the scientific basis is still being considered.

Key Words: *Occultism, esotericism, exoterism, folk medicine, astrology, magic.*

Оккультизм – адам мен ғарышта, жалпы дүниеде тылсым, жасырын күштердің бар екенін мойындайтын ойлауға қайшы ілімдердің жалпы атауы. Оккультизм бойынша жасырын күштерді арнайы психикалық жаттығулардан өтіп, өз өмірін осы жолға арнаған